

## **№8 Лекция тақырыбы: Қазақ халқының отаршылдыққа қарсы халық-азаттық күресі**

### **Лекцияның оқыту нәтижелері:**

1. Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;
2. Қазіргі Қазақстандағы құбылыстар мен тарихи үдерістері зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеру;
3. Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру

### **Лекция мазмұны.**

1. Е.Пугачев көтерілісіне қазақтардың қатысуы.
2. Сырым Датұлы бастаған Кіші жүздің ұлт-азаттық қозғалысы.
3. Бөкей хандығындағы Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы бастаған қазақтардың көтерілісі (1836-1838 ж.): көтерілістің қозғаушы күштері, сипаты, кезеңдері, маңызы.
4. Сұлтан Кенесары Қасымұлы бастаған қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы (1837-1847): қозғаушы күштері, барысы, негізгі кезеңдері және жеңіліс себептері.
5. Жанқожа Нұрмұхамедұлы мен Есет Көтібарұлының көтерілістері.
6. 1916 жылғы Орта Азия ұлт-азаттық көтерілісі, оның себептері, қозғаушы күштері, басталуы, барысы және негізгі кезеңдері.

**1.Е.Пугачев көтерілісіне қазақтардың қатысуы.** 1773-1775 жылдары Ресейде Дон казагы **Емельян Пугачев** бастаған шаруалар көтерілісі болды. Ол өз сыбайластарының көмегіне сүйеніп өзін III Петр патша деп жариялады. Пугачев патша үкіметіне қарсы басыбайлылықты жою үшін күресті. Басыбайлылықтан зардап шеккен шаруалар оның маңына топтасты. Ол қазақтарға арнап манифест жариялады. Онда қазақтарға жер беремін, ешкімге жәбірлетпеймін деген уәде берді. Ресей отаршылдығынан зардап шегіп жерінен айрылған қазақтар Пугачев көтерілісіне қатысу арқылы патша чиновниктері тартып алған жер жайылымдарын қайтарып алмақ болды. Сондықтан Кіші және Орта жүздің қазақтары көтеріліске белсене қатысты. Пугачев өз сарбаздарымен Орынбор қаласын қоршайды. Бұл қоршауға 6000 қазақ қатысты деген мәлімет бар. Орынборды ала алмаған Пугачев Қазан, Саратов қалаларын қоршайды, бұған да қазақтар қатысты. Пугачев бастаған қозғалыс 1775 жылы қаңтар айында жеңіліске ұшырап Пугачев дарға асылды.

Пугачев бастаған шаруалар қозғалысына қазақтардың қатысуы олардың патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы тұңғыш рет бас көтеруі еді. Пугачев көтерілісі қазақ халқының алдағы уақыттарда ұлт-азаттық қозғалысында жалғасын тапты.

**2. Сырым Датұлы бастаған Кіші жүздің ұлт-азаттық қозғалысы** 1783-1797 жылдары Кіші жүзде болды. Қозғалыстың негізгі себебі патша үкіметінің отаршылдығының тереңдеуі, күшейе түсуі еді. Бұл патша үкіметінің қазақ жеріне бекініс салуы, қазақ жерлерін тартып алуы, жергілікті әкімшіліктің халыққа зорлық-зомбылығының күшеюімен көрінді. Осы кезде Жайық пен Еділ арасындағы құнарлы жерді патша үкіметі қалмақтарға беріп қойғанды. 1771 жылы қалмақтар бұл жерден жоңғар жеріне қарай ауа көшкен соң патша үкіметі халықтың талабымен бұл жерге қазақтардың қоныстануына ұлықсат етті. Оның билігі кіші жүздің ханы Нұралы мен Ресейдің жергілікті әкімшілігінің қолына өтті, бұл екеуі бірігіп халықты Жайықтың батысына өткені үшін пәре алып аяусыз тонады. 1782-83 жылдары Жайықтың сол жақ жағалауында жұт болып халық күйзелді.

Қозғалысты байбақты руының басшысы, Пугачев көтерілісіне белсене қатысқан С.Датұлы басқарады. ХҮІ-ХІХ ғасырдағы Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы Кіші жүзде және Орта жүзде көптеген көтерілістер мен қозғалыстар болды. Мұндай

көтерілістердің ішіндегі ең алғашқысын С.Датұлы бастады деп айтуға болады. ХҮІІІ ғасырдың аяғында басталған көтеріліс 20 жылға созылды (1783-1803 жж.).

ХҮІІІ ғасырдың 80 жылдарында Кіші жүз ауыр жағдайға тап болды. Ресей үкіметінің отаршылдық саясаты күшейді, Орал казактары елдің ішкі территориясын жаулап, Жайықтан бергі жерді алды, ал империялық саясатқа басыбайлы ақсүйектерінің кесірінен қазақ-башқұр, қазақ-қалмақ келіспеушіліктері өрши түсті. Кіші жүздегі Нұралы хан мен оны жақтаушы билеушілер елдегі үрейді тоқтата алмады. Ұзаққа созылған дағдарыс себебімен халық арасынан ел бастаушы көсемдер шыға бастады. Ресейге қызмет істеп жатқан Әбілқайыр хан тұқымына қарсы оппозициялық топты Сырым Датұлы бастайды.

С.Датұлы жақсы қолбасшы және білікті саясаткер бола білген. Сол арқылы ол халықпен де, Ресей чиновниктерімен де, хан сұлтандарымен де тіл табыса білді. Мұны А.И.Левшиннің жазбаларынан байқауға болады: «Сырымның жасаған істерінен, оның намыскер, шыдамсыз, кекшіл болғанымен айтқан сөзінен қайтпайтын және алға жылжуға ұмтылатынын байқауға болады. Ол өзіне болашақта тиімді және пайдалы істе көрсе, міндетті түрде қолдан шығармайды. Оның ханға қарсы болу себебі өзінің ішінің тарлығы. Себебі ол хан бола алмайды қарасүйек. Сондықтан әрқашан хан билігінің ешқандай пайдасының жоқтығын дәлелдегісі келіп, тұқымында жоқ ақсүйектікті өзінің батырлығымен айырбастағысы келді». Қалай дегенімен Сырым нағыз көсем еді.

Пугачевтің шаруалар соғысына қазақтардың қатысуына Кіші және Орта жүздердегі тәуелділік қатнастардың одан әрі ыдырауы маңызды себеп болды. Айталық, Кіші жүзде Нұралы хан мен сұлтандар көтерілісшілерден бірте бірте ілгерлерін аулақ салып, патша үкіметін қолдау позициясына көшті. Қазақ ақсүйектері арасында көтеріліске сенбеушілік пен өшпенділік арта түсті, мұның өзі феодалдық бытыраңқылықты күшейтті. Қазақ аристократиясы мен ру ақсүйектерінің Пугачев көтерілісіне әр түрлі көзқарасы ХҮІІІ ғ. 80 жылдарында аристократия мен ру ағамандары одағының ажырауына және ХҮІІІ ғ. 70-90 жылдарының аяғында хандық биліктің күйзелуіне әкеп соқты. Нұралы ханның Кіші жүздегі ықпалы бірте бірте төмендей бастады, мұның өзі оның саяси оқшаулануына, халық бұқарасының қайтадан көтеріліп, Кіші жүзде хан билігін жоюға алғашқы әрекеттер жасалуына алып келді. С.Датұлы туралы алғашқы деректер Е.Пугачев қозғалысының тұсында келтірілді. А.В.Суворовтың граф П.И. Панинге 1775 жылы 22 маусымда жеткізген хабарламасы сақталған. Онда Сырымды Пугачев көтерілісінің белсенді қатысушы деп хабарлайды. 1776 жылдан 1783 жылға дейін Сырым патша әкімшілігі жағына өтеді. Бірақ 1783ж. бастап ол көтерілісшілерге қосылып Орал әскерлеріне қарсы күреседі. Ол Орал казактарының тұтқынына түседі, 1874 жылы қарындасына үйленген Нұралы хан оны босатып алады. Оның өміріне 70 жылқы және 350 сом төледі. Осы жылы қараша айында көтерілісшілерінің саны 1000 ға жетті.

Көтерілісті басу үшін жазалаушы отрядты генерал-майор Смирнов басқарды. 237орынборлық казактар және 2432 башқұрттан тұратын әскермен келді.

1785 ж. Сырым 2700, старшин Барақ- 2000 және Тіленші 1500 қазақтан тұратын жасақты басқарып Колпаков, Пономарев және премьер майор Назаров командалық еткен үш отрядпен шайқасады.

1785ж. ру ағамандарының Нұралы ханмен және оны қолдаушылармен күресі күшейген кезі еді. Ағамандар патша үкіметіне Нұралыны хандықтан тайдыру үшін және Кіші жүзде басқару ісін жаңа негізде құруды талап етті. Жүзді үш бөлікке немесе ордаға Байұлындық, Жетірулық және Қаракесектік етіп бөлу ұсынылды. Сырым Датұлы барлық үш орданың кеңесшісі болып сайланды, оған көмекшілікке Көккөз би мен Қаратау би берілді.

Патша үкіметі ағамандар жиналысына шекаралық сот ұйымдастыруға келісім беруді ұсынды. Бұл дәстүрлі қазақ мемлекеттілігін жою жолындағы қадам болған еді. Ағамандар хан билігін сақтауды, қысқы жайылымдарды кеңейту жөнінде мәселе көтерді.

1786 жылы көктемде Нұралы ханды күштеп қуды, оны патша үкіметі өз қамқорына алды.

Патша үкіметінің алдында Кіші жүзге билік ұйымдастырудың жаңа реформасы туралы мәселе тұрды. Екатерина II Орынбор губернаторы Игельстром ұсынған реформаны мақұлдады. Игельстромның реформасы бойынша әлімұлы, байұлы, жетіру ұрпақтарына Орынбордағы шекаралық сотқа бағынатын соттар құруды ұсынды. Бұл соттарды төраға және ағамандардан екі заседатель басқаруға тиісті болды. Оларға патша үкіметі тарапынан жалақы беріледі деп шешті. Жүзде екі қала, мешіт және ақсүйектерге арналған мектептер салу ұсынылды.

Қазақ өлкесінде бұл кезде ханды қолдайтын сұлтандардың ру ағамандарымен дау жанжалдары үдей түсті. Олар Сырымды тұтқындап, Нұралы хан келмейінше тұтқында ұстауға шешім қабылдады. Орынбор әкімшілігінде Сырым Датұлының тұтқындалуы алаңдаушылық туғызды. Игельстром реформасын жүзеге асыруда олар Сырымға үлкен үміт артты, және оны 1786жылы босатып алды. Кіші жүзде хандық биліктің сақталуын жақтайтын бөлігі күшейіп олар Қайыпты хан жариялайды.

Патша үкіметі шешуші күш құрды. Шекаралық соттың төрағасы премьер майор С.Петрушевич сайланды. Сот кесімін орындауға сайлау арқылы ықпалды ағамандар Тіленші, Жәнібек, Тілеп жүрді.

Шекаралық соттың құрылуын ағамандар өз мүдделері үшін пайдаланып қалды. Олар жер туралы, Жайық пен Еділ аралығындағы және Каспий теңізі жағалауындағы жеке иеліктер есбінен қысқы жайылымдарды кеңейту туралы мәселе қойды.

1786-1787жж. қысында қазақтардың Жайық пен Еділ өзендерінің аралығына жаппай өтуі басталды. 1786 жылы күзінде ағамандар қашып кеткен құлдарды жүзге қайтару туралы, казактардың ауылдарға зорлық-зомбылығы туралы мәселе көтерді. О.Игельстром ағамандардың талабын ішінара орындады, бірақ шекарада орналасқан казак әскерлерінің шабуылдары тоқтамады

Генерал губернатор Игельстром өзінің реформасының бүкіл жүзге тартудың сәті түспейтінін мойындап бірақ өзгертулер енгізді. Бұл өзгертулер бойынша бас ағамандар генерал губернаторлардың, шекаралық экспедицияның, сот кесімін орындаушылардың барлық жарлықтарын орындауға тиісті еді. Бұл дегеніміз бас ағамандарды жүзде хан билігін қалпына келтіруден толық бас тартқызу үшін пайдалану болды. Патша үкіметіне қарсы сұлтандардың наразылығы күшейді.

1785 жылы көтерілісшілердің саны 6 мыңға жетті. Қарапайым халық көтерілісшілерді қолдап оларға барып қосылып жатты. Нұралы хан халықсыз қалды. Патша үкіметі жұмсаған жазалаушы отряд көтерілісті баса алмады. Патша үкіметі көтерілісті басуды Орынбор генерал-губернаторы Игельстромға тапсырды. Ол 1786 жылы Кіші жүзге реформа енгізді. Реформаның мақсаты хандық үкіметті жойып билікті ру басыларына беру болды. Дегенмен Игельстром реформасын үстем тап өкілдері қолдамады.

Сырым Датұлы бастаған қозғалыс жалғаса берді. Көтерілісшілер хан мен сұлтандардың ордасына, Жайық бойындағы бекіністерге үнемі шабуыл жасаумен болды.

1786 жылы 3 маусымында Нұралыны хандықтан ресми түрде аластату туралы рескриптіге қол қойды. Бірақ Игельстромның реформасы Нұралы ханның ағасы Ералы сұлтан бастаған қарсылыққа тап болды. Олар хандық билікті қайтаруды талап етеді.

1794 жылы Ералы хан қайтыс болып, патша үкіметі тағыда хан тағайындауға мәжбүр болды. Тек екі жылдан кейін ғана, яғни 1796 жылы қазанда Нұралының ұлы Есім хан болып тағайындалады.

Есім хан Сырым Датұлы сарбаздарының шабуылдарынан сақтана отырып, өзінің бүкіл ауылымен шекаралық бекіністер маңында көшіп қонуға шешім қабылдайды. Ал өзінің ордасы ретінде Мерген форпостын таңдап алды. Бұған қарамастан көтерілісшілер 1797 жылы 27 наурызда хан ауылын шауып, Есімнің өзін өлтіреді. Бұл кезде орынбор губерниясының генерал губернаторы болып қайтадан барон Игельстром тағайындалған еді. Бұл жолы енді, патша әкімшілігі жаңа әдіске көшеді. 1797 жылы тамызда Кіші жүзде Хан кеңесі құрылады. Оның төрағалығына Әбілқайырдың ұлы, жасы егде тартқан Айшуақ сұлтан тағайындалады. Хан кеңесіне Сырым Датұлы да шақырылады.

Жазалаушы отрядтардан қаша отырып, көптеген сарбаздарынан айырылған Сырым Датұлы 1797 жылы жылы 30 тамызда мыңға жуық жасағымен Хан кеңесіне келеді. Хан кеңесінің келіссөздерден кейін Сырым батыр күресті тоқтататынын жариялайды. Бұл жолы Хан кеңесі Кіші жүзде саяси дағдарыстан шығаруда қабылеттілігін көрсетті. Соған байланысты 1797 жылы қазан айында Айшуақ хан болып тағайындалады. Ал бұл 14 жылға созылған С.Датұлының қозғалысының жеңілісінің көрінісі болатын.

Кіші жүздегі қазақтардың Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бірінші ашық бас көтеру болды. Көтеріліс аяқталғаннан кейін патша үкіметі қазақтарға Жайықтың сол жағына көшіп қонуға рұқсат беруге мәжбүр болған еді. Бұл Сырым батыр бастаған көтерілістің нәтижесіз болмағанын дәлелдесе керек.

Патша үкіметі Кіші жүздегі қозғалысты күшпен баса алмайтын болған соң әртүрлі амал-айла қолдануға мәжбүр болды. Патша үкіметінің бұл айласын Игельстром жүзеге асырмақшы болды. 1797 жылы көтерілісшілер халыққа тынышсыз хан Есімді өлтірген соң патша үкіметі жаңа хан сайлауды кейінге қалдырып үстем тап өкілдерін тарту мақсатымен хан кеңесі дегенді құрмақ болды. үстем тап өкілдерінен құралған хан кеңесіне Кіші жүздегі барлық билік берілді.

1797 жылы тамызда хан кеңесі шақырылды. Патша үкіметі Сырымды хан кеңесінің мүшесіне тағайындады. Хан кеңесі болып жатқан жерге мың сарбазымен бірге Сырым Датұлы келіп көтерілісті тоқтататынын мәлімдейді. Көтеріліс басшысының бұл мәлімдемесі Сырым Датұлы хан кеңесіне мүше болған соң көтерілісшілерді сатып кеткендік емес еді.

Көтеріліс 14 жылға созылып көтерілісшілер шаруашылықтан қол үзіп халық күйзелді, 1795-1796 жылы Кіші жүзде болған жұт халықтың жағдайын ауырлата түсті. Көтерілісшілер өздері қойған талаптардың біразының орындалуына қол жеткізді. Патша үкіметі Еділ мен Жайық арасындағы жайылымға халықтың қоныстануына ұлықсат берді.

Сырым Датұлы бастаған қозғалыстың зор маңызы бар. Бұл Ресейдің отаршылдығына қарсы бағытталған тұңғыш көлемді қозғалыс болды. Бұл қозғалыс Ресейдің Қазақстандағы саясатының отаршылдық сипатын әшкерелеп халық бұқараны алдағы уақытта жаңа-жаңа қозғалыстарға шақырды.

**3.Бөкей хандығындағы Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы бастаған қазақтардың көтерілісі (1836-1838 ж.): көтерілістің қозғаушы күштері, сипаты, кезеңдері, маңызы.** 1836-1838 жылы Бөкей ордасында болған ұлт-азаттық қозғалысты рубасы Исатай Тайманов пен ақын Махамбет Өтемісов басқарды. Көтерілістің негізгі себебі патша үкіметінің отаршылдық әрекеті еді. Патша үкіметі Каспий теңізінің шаруашылық жүргізуге қолайлы солтүстік жағалауын Ресей помеиіктерінің қолына берді. Олар осы жерден балық аулау, тұз алу, егін егу, мал-жаю кәсіпкерлігімен шұғылданбақшы болған халықты қатал қанады. Бұл көтерілістің негізгі себебі еді.

Сонымен бірге көтерілісшілер Жәңгір хан мен оның туыстарының қарапайым халыққа жасаған қиянатына қарсы шықты. Исатай мен Махамбет қол жинап Ресейдің отаршылдық әрекетін жүргізіп отырған сұлтандар мен билердің ауылдарына шабуыл жасаудан көтерілісті бастады. 1837 жылы 5 мыңға жеткен көтерілісшілер Жәңгір ханның ордасын қоршады. Жәңгір ханның өтініші бойынша Орынбор генерал-губернаторы көтерілісті басу үшін жазалаушы отряд жұмсайды.

Көтерілісшілер мен жазалаушы отрядтың арасында *1837 жылы 15 қарашада Тастөбе* деген жерде қысқа, бірақ кескілескен шайқас болады. Көтерілісшілер 100-дей адамынан айрылып ұсақ топтарға бөлініп жан-жаққа тарап кетеді.

Исатай мен Махамбет көтерілісшілерден шағын отряд құрып жазалаушыларға кенеттен шабуыл жасап үлкен шығынға ұшыратып кетіп отырады. Олар патша әскерлеріне қарсы күресті жалғастыру үшін Жайық сыртына өтіп Кіші жүз халқын көтереліске жұмылдыруды көздейді. Осы мақсатпен олар неғұрлым табанды, сенімді сарбаздарды бастап 1837 жылы желтоқсанда Жайықтан өтеді. Көтеріліс басшылары Кіші

жүз халқынан сарбаз жинап бірсыпыра күшейеді. 1838 жылы шілде айында жазалаушы отрядпен көтерілісшілер арасында Ақбұлақ шешуші шайқасы болады. Көтеріліс жеңіліп, Исатай қаза табады.

Көтеріліске қатысушылар мен оларға ниеттес болған бейбіт ауылдар аяусыз қуғын-сүргінге ұшырайды. Көтеріліс жеңілген соң Махамбет қырда бой тасалап патшаға, ханға қарсы үгіт жүргізуге кіріседі. Ұзамай отаршылдар оны да өлтіртеді.

Сөйтіп Исатай, Махамбет бастаған көтеріліс жеңіліске ұшырайды. Бұл көтеріліс Қазақстан тарихындағы бұқаралық және ұлт-азаттық сипаттағы қозғалыстың бірі болды. Бұл қозғалыс патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен үстем тап өкілдерінің сатқындығын әшкерелеп берді. Көтеріліс қазақ халқының ұлт-азаттығы үшін күресінің алдағы уақытта да жалғаса беруіне әсер етті.

**4. Сұлтан Кенесары Қасымұлы бастаған қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы (1837-1847): қозғаушы күштері, барысы, негізгі кезеңдері және жеңіліс себептері.** Кеңесары Ресейдің отаршылдығына қарсы күресте аты шыққан әулеттің ұрпағы. Оның әкесі Қасым, ағалары Саржан, Есенкелді, баласы Садық өз өмірлерін Ресейдің отаршылдығына қарсы күреске арнаған қайраткерлер.

Ресейдің отаршылдығына қарсы бағытталған қозғалыстармен салыстырғанда Кеңесары қозғалысының бірнеше ерекшелігі, артықшылығы болды. Бұл көтеріліс Қазақстан тарихындағы хан басқарған бірден бір көтеріліс. Бұл қозғалыстың бұқаралық сипаты болды. Көтеріліске үш жүздің халқы қатысты, көтерілісшілер қатарында өзбек, орыс, поляк, қырғыз және басқа халықтардан өкілі болды. Көтеріліске атышулы батырлар қатысты. Кеңесары бастаған қозғалыс ұзаққа созылған тегеурінді қозғалыс болды. Патша үкіметінің жазалаушы отряды 10 жыл бойы Кеңесарының соңына түскенімен ауыз толтырып айтарлықтай табысқа жете алмады. Кеңесары қазақ халқының саяси тәуелсіздігінің белгісі болған хан үкіметін қалпына келтіру үшін күресті.

Қарқаралы (бұрынғы Бөкей ханның иелігіндегі) және Көкшетау (бұрынғы Уәли ханның иелігіндегі) округтерін құру патша өкіметінің Орта және Ұлы жүздердің түйіскен тұсындағы қазақ жерлерін бірте-бірте басып алуын бастап берді. Қазақтардың дәстүрлі көшіп-қонатын жерлері тарылды, жері құнарлы аудандарға қазақтарды жаңадан қоныстандыру өріс алған. Абылай хан ұрпақтарының төңірегіне топтасқан қазақ халқының наразылығы арта түсті. Шыңғыс әулеттерінің бірі Ғұбайдулла сұлтанды патша үкіметінің жазалаушы отряды ұстап алып, Березовкаға жер аударып жіберді. Сол сібірлік бұғаудан ол тек 1840 ж. қараша айында соның өзінде Кеңесары сұлтанның табандылықпен талап етуі арқасында ғана қайта оралды.

Қасым төренің ұлы Саржан сұлтан дара-дара жасақтарды біріктіріп, қазақ жерін отарлау саясатына қарсы көтерілді. Патшаның жазалаушы отрядтары ығыстырған Саржан сұлтан өзінің жолын қуушылармен бірге Қоқанд бегінің көмек көрсетер деген үмітпен Қоқанд хандығына көшіп кетті. Саржан осында 1836 ж. Қоқанд басқарушысының нұсқауы бойынша жауыздықпен өлтірілді. 1840 ж. Кеңесарының әкесі Қасым төре мен оның басқа да жақындары қаза тапты. Патша үкіметінің отаршылдық мақсат-ниетіне қарсы өзінің күресінде Қоқанд бектерінің қолдауына сенім артқан Қасым сұлтанның үміті ақталмады. Алайда, стихиялық, ұйымдаспаған сипатына қарамастан Қасым сұлтан мен оның балаларының күресі отаршылдыққа қарсы күштердің Кеңесары сұлтанның, кейіннен Кеңесары ханның қолбасшылығымен (1802-1847 жж.) тағы да бірігіп, нығайуында зор маңыз атқарды.

Кеңесары Қасымұлы тарих сахнасына Абылай ханның ісін жалғастырушы ірі тұлға ретінде қадам басты. Ал ол кездегі жағдайға келсек, патша әскерлерінің бастырмалатқан әрекеттер салдарынан, Сібір Және Орынбор қазақтары туралы 1822-1824 жж. уставтар қабылданғанына қарамай, саяси оқшауланушылығын әлі де сақтап келе жатқан Қазақстан аудандарының тәуелсіздігіне қатер төнген болатын. Сондықтан көтеріліс шығарушы сұлтанның басты мақсаты Қазақстанның Абылай хан тұсындағы территориялық шеттерінің тұтастығын қалпына келтіруге, «жинақтарды» жоюға (оның хаттарында XIX ғ.

20-30 жылдарында Қазақстанда құрылған округтердің көрсетілгендей), Ресей құрамына кірмеген жерлердің толық дербестігін сақтауға құрылды.

«Бүлікші сұлтанның» негізгі талаптары император Николай I-ге, Орынбор губернаторлары В.А.Перовскийге, В.А.Обручевке, Сібір губернаторы, кінәз В.Д.Горчаковка, Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы А.Ф.Генске және басқаларға жолдаған көптеген хаттарында нақты айқындалған. Ғұбайдулла сұлтан да, оның ағасы Саржан да М. Красовскийдің пікірі бойынша «ақылы жағынан өзінің атасынан (Абылайдан) кем түссе де, мінезінің жігерлілігімен онан да және өз әкесін де (Қасым тереден) асып түсіп, бүкіл далаға әйгілі болған» Кенесары Қасымұлымен олар бір қатарда тұра алмайды.

«Епті, өзіндік ерекшелігі бар саясатшы» Кенесары Қасымұлы сұлтан Ресей сияқты аса қуатты ірі мемлекетпен күресу қазақтың үш жүзінің күштерін біріктіруді, едәуір құрбандықтарды, тек әскери ғана емес, сонымен бірге дипломатиялық күш-жігерді де талап ететінін ой таразынан өткерді. Ол халық қозғалысынан бөлектенген жекеленген сұлтандардың, ағамандардың, билердің өз еркімен кетушілігін қатал басып-жаншыды. Ресей саясатын қолдаушыларды аяусыз жазалады, бірақ сонда да патша үкіметімен арадағы түсініспеушілікті бейбіт жолмен шешудің жақтаушысы күйінде қалды. Соғыс тұтқындарына, соның ішінде кейбіреулері өзінде қызмет еткен орыстарға қиянат жасамай, шыдамдылықпен қарады. Ресей елші уәкілдерін әдепті қабылдады. Тіпті оның мінезінен қырғыздармен қарсыластық кезеңінде көрінгені болмаса оншалықты қаталдық байқалмаған. Ал көтеріліс мүддесіне сатқындық жасап, әскери тәртіпті бұзғандарға ашуызасының буырқануы аз болмағанды. Мұны, атап айтқанда осы қозғалысқа белене қатысқан ақын, сарбаз Нысанбайдың «Кенесары-Наурызбай» дастаны дәлелдейді.

Кенесары барлық әдіс-амалдарымен феодалдық топтарды, үш жүздің ру-тайпалық бөлімдерін біріктіруге, бұл мақсатына тіпті азаттық күресінің 1844-1845 жж. ең бір шарықтаған шағында да қол жеткізе алмағанымен, барынша тырысып бақты. Көтерілістің бастапқы кезінен-ақ қазақ ақсүйектері бір-бірлеріне қарсы күресуші екі лагерьге бөлінді: үкімет әлпештеген бөлігі отарлаушы әкімшіліктің қолдауына сүйеніп, өздерінің саяси қарсыластарын күйретуге күш салды. Кенесарының ымыраға келмейтін қарсыластары Ақмола округінің аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендин, Кіші жүздің басқарушы сұлтандары Ахмед пен Мұхамед Жантөриндер, сұлтаны Айшуақов болды. Кенесары Жетісуға асқаннан кейін көтеріліске байланысты ымырасыздық позицияға Абылай ханның ұлдары, азаттық күресінің жетекшісі өзінің туысқандары – Әли меи Сүйік те ұстанды.

Бірақ, қалай дегенде де, Кенесары Қасымұлы өзінің туы астына үш жүздегі қазақ руларының едәуір бөлігін топтастыра алды. Кей кездері оның сарбаздарының саны 20 мың адамға дейін жетті. Арасында Орта жүз өкілдері басым болған қазақ сұлтандарының үлкен бөлігі көтеріліске қосылды. Омск облыстық басқармасына қарасты сот-жазалау мекемелері жинастырған мәліметтер бойынша тек Құсмұрын, Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы және Баянауыл округтерінде ғана көтерілісшілерді 80-нен астам сұлтандар, билер, ағамандар қолдаған. Жасы 23-ке келген шағынан бастап азаттық қозғалысына белсенділікпен қатыса жүріп, ағалары мен әкесін қазаға ұшыраттырған бекініс желілерінің апаттылығына көзі жеткен Кенесары Сырдария сағасы қазақтарын ығыстыра қыспаққа алған Қоқандтың Күшбегімен келіссөз жүргізуден бас тартты. Сөйте тұра кейде өзін оқ-дәрімен, қару-жарақпен жабдықтаған Бұхар әмірімен достық қарым-қатынаста болды.

Қазақтардың бұл көтерілісі бастапқы кезінен-ақ кең құлаш жайған қарқын алды. Бұл XVIII ғ. соңы мен XIX ғ.-дағы азаттық жолындағы қозғалыстар тарихындағы Орта жүздің ру-тайпалық бірлестігінен басқа қазақ руларына тараған, барлық негізгі аудандарды қамтыған бірден-бір көтеріліс еді. Оған Кіші жүздегі шекті, тама, табын, алшын, шөмекей, жаппас және басқа, Ұлы жүзден – үйсін, Дулат және басқа рулар қатысты.

Көтерілістің қозғаушы күші қазақ шаруалары болды. Саяси тәуелсіздікті қалпына келтіру жолындағы күреске қатардағы егінші де, ағамандар да, сұлтандар да ат салысты. Қазақ жерін әскери отарлауға, Қоқанд бектерінің озбырлығына қарсы жалпы халықтық

күрес бұл қозғалысқа азаттық жолындағы күрес сипатын берді. Рас, Кенесарыны қолдауда билердің, ағамандардың, сұлтандардың бәрі бірдей бір мақсатты болғай жоқ; орын ауыстыруға, негізгі күштердің өзге аудандарға өтуіне байланысты руластық белгілері бойынша құралған кейбір жасақтар көтерілісшілерден бөлініп қалып отырды. Жасақтардың жетекшілері Ағыбай, Иман (Амангелді Имановтың атасы), Басығара, Аңғал, Жанайдар, Жеке, Сұраншы, Бәйсейіт, Жоламан Тіленшиев, Бұқарбай және басқалар сияқты әйгілі халық батырлары болды. Көтеріліске қатысқандар арасынан орыстар, өзбектер, қырғыздар, поляктер және басқа ұлт өкілдері кездесті. Кенесары соғыс қимылдарын 1838 ж. көктемінде Ақмола бекінісін қоршап, өртеуден бастады. Бекіністің коменданты, әскер старшинасы Қарбышев пен Ақмола округінің аға сұлтаны, полковник Қоңырқұлжа Құдаймендин өртелген бекіністен әрең дегенде қашып шыға алды. Көп кешікпей көтерілісшілер Торғай ауданына қарай ойысты. Орынбор шенеуніктеріне жазған хаттарында Кенесары өзінің бұл қадамын Орынборға жақынырақ келіп қоныстап, келіссөздер жүргізуімді жеңілдету үшін жасадым деп түсіндіреді. Ал іс жүзінде сұлтан көтерілісті Ресейге тікелей жанасып жатқан 1836-1838 жж. Исатай Таймановтың басшылығымыз көтеріліс болған Кіші жүз жеріне таратуды мақсат тұтты. Жоламан Тіленшиев батыр бастаған төртқаралықтар, шөмекейлер, табындықтар және басқа рулар көтерілісшілерге келіп қосылды. Сөйтіп, қозғалыс Кіші жүзді де қамтыды. Күткендегідей, келіссөздерден ешқандай нәтиже шықпады.

1841 ж. қазақтардың үш жүзінің өкілдері Кенесары Қасымұлын хан сайлады. Қазақ хандығы қалпына келтірілді. 1841 ж. тамызында көтерілісшілер қоқандықтардың едәуір күштері орналастырылған Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт, Жүлек бекшістерін қоршауға алды. Қоқандықтардың бірнеше бекіністеріне басып кіру көтерілісшілерді жігерлендіре түсті. Көтерілістің негізгі ошақтарынан шалғайда көшіп-қонып жүрген төртқаралықтар мш шектілердің өздері Кенесарыны бүкіл қазақтық хан деп мойындайтындықтары туралы хабарлады.

Төртқаралықтар мен шектіліктердің Кенесары Қасымұлы жағында белсенді әрекет жасағандығы туралы айта отырып, олардың XIX ғ-дың 30-жылдарының соңы мен 40-жылдарының бас кезінде әрекет-қимылдарын ширықтыра түскен қозғаушы факторларға назар аударғанымыз жөн. Біз бұл арада осы аймақтағы қазақ руларының қазақ жерлерінің оңашалануы тек Ресей империясы тарапынан; төніп келе жатқан отар етіп басып алушылық қатерінен сақтап қалу ғана емес, сонымен бірге қоқандық бектердің зорлық-зомбылығынан құтылу мақсатындағы ортақ іске өз үлестерін қосуға талпыныс жасағандарын еске салмақпыз. Кенесары мен Қоқанд хандығы қарым-қатынастарының шиеленісуі қазақ сұлтанының жеке өзіне байланысты себептерден де туды. Қоқанд басқарушыларының 1836 ж. патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы қазақтар көтерілісі басшыларының бірі, ағасы Саржан сұлтанды опасыздықпен өлтіруі, 1840 ж. Қасым төрені, туған ағалары Есенгелді, Әлжан сұлтандарды, Абылай қанынан тараған тағы басқаларды қындықпен дарға асуы қозғалыс жетекшісінің қоқандықтарға қарсы позициясын қатуландырып жіберді. Бұл жөнінде, жекелеп айтсақ, Кенесары өз хаттарының бірінде Орынбор губернаторына жазды. Азаттық жолындағы күрестің ең басынан бастап қаза тапқанына дейін Кенесары Қоқанд хандығы жөнінде нақты мақсат-қоқанд басқарушыларының өзгесінен босану мақсатын ұстанды. Қазақ ханының Бұхар әмірімен және Хиуа хандығымен қарым-қатынасындағы саясаты біршама өзгешелеу болды. Кенесары олармен өзара толық сенімділік қатынас орнатты. Хиуа басқарушысы кейде қазақ жасақтарын зеңбіректермен, оқ-дәрімен жабдықтап отырды. Әскери тарихшы В. Поттоның пікірі бойынша бұл мемлекеттер Кенесарымен өзара тиімді одақ құруға дайын тұрды.

Осы жағдайдың бәрі белгілі бір дәрежеде Кенесарының көрші елдерге байланысты саясатының сипатын алдын-ала анықтады, бұл оның хандығының әкімшілік басқару құрылымына ықпал жасады. Кенесары хан құрған мемлекет феодалдық мемлекет болды. Ол өзінің билігін империяның отаршылдық билігі орныққан Ертіс, Есіл. Жайық бекініс желілері бейындағы аудандардан басқа Қазақстанның бүкіл территориясына таратты.

Салықтар жинау тәртіпке келтірілді: малшылар үшін – зекет, егіншілер үшін – ұшыр салығы қолданылды. Патша әскерлерімізге соғасудың жалғасуы материалдық және басқа шығын – қаражаттарды талап етті, мұның өзі, әрине, салық; ауыртпалығының арта түсуіне әкеп соқты.

Кенесары мемлекеті қазақтардың егіншілікпен айналысуын қалады. Басқа жағдайлармен бірге бұл патша әкімшілігі тарапынан сауда керуендеріне бақылау жасау қатты күшейген жағдайда көтеріліске шыққан ауылдарды астықпен қамтамасыз ету қажеттігінен туды. Көтерілісшілерге арналған астық конфискеленіп отырды, оларға тәуекелдікпен астық жеткізуші саудагерлер қатаң жауапкершілікке тартылды.

Кенесарының сауда-саттық саясаты едәуір өзгерістерге ұшырады. Көпес керуендерінен алынатын баж салығы едәуір кіріс келтіретінін көріп, хан керуендерді тонаушылығын доғарды, кейде керуен басшыларын жеке өзі қабылдап, товар алып келгені үшін баж салығын телеуден жалтарушыларға қосымша салық салды.

Мемлекеттік құрылыс қайта өзгертілді, Хандық кеңес мәселені кеңесіп шешетін жоғары органдар ретінде ханға берілген батырлардан, билерден, сұлтандардан, ханның туысқандарынан құрылды.

Басқарудың негізгі тұтқасы Кенесарының өз қолында қалды. Хандық кеңеске негізін азаттық қозғалысының мүдделеріне адал, жеке басының батылдығымен, дипломатиялық қабілетінен көрінген I адамдар енді.

Басқарудың арнайы қызметі хандық кеңес шешімдерінің, үндеулерінің ауылдарда таратылуын, түсіндірілуін және орындалуын қадағалады. Мемлекеттің басында бола отырып, Кенесары басқару ісіне шығу тектеріне қарамастан жеке басының әдетте тыс сапасымен көрінген адамдарды тарта білгендерді сыйлық беріп көтермеледі.

Хан Ресейдің, Орта Азияның лауазымды адамдарына үнемі хаттар жазып, сөз салып тұрды. Дипломатиялық қызметтің ұйымдастырылуына ол мейлінше маңыз берді. Оның хаттары, үндеулері дәлме-дәл нақты мазмұнымен, талаптарының дәлелдігімен ерекшеленеді. Орыс дипломаттары Гернді, Долговты, барон Урды, әйгілі кеңестерді қабылдағанда дипломатиялық әдептілік танытты. Хандықтағы билікті орталықтандырудың жақтаушысы болғандықтан Кенесары ықпалды феодалдардың арасында талас-тартыстың орын алуын тыюға тырысты, барымтаны айыптады, руаралық қақтығыстардың шығуына кінәлілерді қатаң жазалады. Кенесары жекелеген жасақтарына әскери кеңестің мүшелері, данқты батырлар қолбасшылық еткен, соғысуға қабілетті жасақ ұйымдастыра білді. Жүздікке және мыңдыққа бөлінген Кенесары әскері созылыңқы далалық соғыс жағдайына бейімдендірілген болатын. Кенесары енгізген қатал тәртіп оған сарбаздарын қысқа мерзім ішінде жинап алуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Кенесары өз әскерінде айырмалық белгілерін енгізді. Көптеген түпкі материалдан көтеріліс қолбасшысының өзі орыс армиясының офицерлік алтындалған әшекейлі погонын тағып жүргенін растайды.

Кенесары өзіне қажетті мәліметтерді жеткізіп отыратын өз тыңшыларының қызметін білгірлікпен пайдаланды. Осындай хабарламаның арқасында хан жазалаушы күштердің әскери жылжу жоспарларын алдын-ала біліп отырды, ал мұның өзі оған адам шығынын болдырмауға мүмкіндік берді. Кенесарының соғыс әрекеттерін жүргізу тактикасы полковник Дуниковскийдің, Лебедевтің рапорттарында, есептерінде, хабарламаларында, өткен ғасыр тарихшылары Н. Середаның, В. Поттоның, Л. Мейердің және басқалардың еңбектерінде егжей-тегжейлі суреттелген.

Хандықтың басына келіп, Кенесары қазақ жерлерін азат ету жолындағы күресін бұрынғысына қарағанда едәуір табандылықпен жалғастырады. Қоқандтың Созақ бекінісін басып алып, Кенесары тек соғыс қимылдары ауданын кеңейтуді ғана емес, сонымен бірге өз жақындарының өлімі үшін кек алуды көздеді.

Кенесары Қасымұлы өз айналасына ең адал кеңесшілер мен батырларды, халық арасынан отарлық езгіге қарсы ең беделді, белсенді азаматтарды топтастыра білді. Қиын-қыстау шақтағы ортақ мүдде – ұлттың азаттығы үшін осындай әрекетке баруының өзі ұлылық емес пе?! Патшаның «бөліп ал да, билей бер» деген саясаты қазақ даласына



кеңінен таралуы, елдің қатты наразылығын туғызуы оның жақтастарын көбейтуі заңды еді. Сонымен бірге, Кенесарыға қарсы шыққан рулар да болды.

Отарлауға қарсы күреске үш жүз қазақтарының да белсенді қатысуы патша өкіметін қатты алаңдатты. Көтерілісшілерге қарсы ірі қарқынды күрес жүзгізу керек деп шешілді. Бір мемлекетте екінші мемлекет болмауға тиістің білдіретін қарарға қол қойып, Николай-І 1843 ж. 27 маусымда Кенесарыға қарсы ірі көлемді соғыс жорығын жасауға рұқсат етті. Әскери старшын Лебедевтің 300 адамдық отряды алға шығарылған күш саналды да кейіннен оның отрядындағы әскер саны 1900 адамға жеткізілді; 1843 ж. тамызында сұлтан А.Жаңтөрин мен Б. Айшуаков басқарған екінші топ жасақталды. Қарсылас жақтардың 1843 ж. 7 тамызындағы шайқас үкіметке көздендей нәтиже бермеді. Полковник Бизанов басқарған қарулы топ көтерілісшілердің негізгі куәштерін кездестіре алмай, Орск бекінісіне кері қайтты. Өлке жерш жақсы білетін Кенесары шабуылға шығып, 1844 ж шілденің 20-нан 21-не қараған түні сұлтан Жаңтөринің жасағын тас-талқан етіп жеңді. Әскери старшын Лебедев шабандығы және шұғыл көмек көрсетпегендігі үшін әскери отрядқа басшылық етуден тайдырылды. Осы жеңістерімен жігерленген Кенесарының негізгі күштері 1844 ж. 14 тамызда Екатеринбург станциясына шабуылдап, фор-штадты өртеп жіберді, 40 адамын тұтқындап алып кертті.

Көтерілісті басып-жаншу үшін Орынбор жақтан полковник Дуниковскийдің отряды жіберілді, ал әскерлердің сибірлік тобын генерал Жемчужников басқарды. Кенесарыға патша отрядтарының қуғынынан сытылып кетудің сәті түсті. Үкіметтік топтарды абыр-жушылық биледі. Оның үстіне Кенесарымен ұзаққа созылған соғыс патша үкіметінің талай күш-қаражатын шығындатты. Соғыс жылдам жеңіспен бітетін болмады. Бұған қоса Орынбор губернаторы В.А. Перовский мен Сібір губернаторы В.Д. Горчаковтың арасында Кенесарымен қалай күресу жөнінде алауыздық туды. Перовский дауды келіссөздер жүргізуді жолымен шешуді ұстанды, ал Горчаков мәселені шешудің соғыстық түрін жақтады.

Орынбор бастықтары Кенесарыға Долгов пен Герн басқарға елшіліктер жіберу қажет деп тапты. Олар өздері алған нұсқау сәйкес Кенесарының алдына қабылдауға болмайтын шарт қойды.

Бұл шарт бойынша көтерілісшілерге үкімет белгілеген шектеулі аймақтарда ғана кешіп-қонуға рұқсат етілді. Көздеген мақсаттарына ете алмаған патша елшілері кері қайтуға мәжбүр болды. Соның өзінде Долгов Орынбор әкімшілігіне Кенесарының талаптарын жеткізді. Онда Кенесары егер орыстардың барлық бекіністері жойылса, басылып алынған жерлер қазақтарға қайтарылса, далада тонаушылық пен зорлық-зомбылық жасаушылық тоқтатылса ғана ресейдің протекторатын (империалистік ұлы мемлекеттің ықпалындағы кіші мемлекет...) қабылдауға келісім беретінін білдірді.

Үкімет Арал-Сырдария алқабы ауданынан бірнеше бекіністер салу арқылы Кенесары ханды Орынбор елкесінен ығыстырып шығаруға күш салды. Екі қанатынан қыспаққа алынған Кенесары Сарыарқаны (Алтын даланы) қалдырып, көтеріліс орталығын Ұлы жүзге ауыстыруға мәжбүр болды.

Сібір өкімет орындары аймаққа Кенесары жасақтарының келуінен алдын-ала сақтану үшін халық пен мал санағыш жүргізуді желеу етіп, Жетісуға Сібір шекара басқармасының төрағасы генерал Вишневскийдің басқаруымен зеңбіректері бар едәуір әскери күш жіберді. Оның қай жағынан да басым күшінің қысымымен Кенесары Іле өзенінің оң жағалауына өтіп, одан алатаулық қырғыздарға қауіп төндіре Алатау бөктеріне қоныс аударды. Ұлы жүз батырлары Сұраншы, Байсейіт, Тайшыбек Кенесарыға қолдау көрсетті. Көтерілісшілер қырғыз жерлеріне жақындады. Көтерілістің бастапқы кезінде старшындыққа қарсы сипаты өзгеріске ұшырай бастады. Хан солтүстік қырғыз манаптарының өзіне бағынуын талап етті. Қырғыз манаптары Орман, Жантай және Жанғараш тайпалар өкілдерінің құрылтайын шақырды. Сарыбағаш, Бұғы, Саяқ, Солто, Шерік және басқа тайпалардың өкілдері қазақ ханының талаптарын орындаудан бас тартты. 1847 ж. сәуірінде 10000 әскері бар Кежсары Қырғыз жеріне басып кірді. Қырғыздармен қақтығысу Ыстық көлдің тау шатқалы қойнауында және Шу өзенінің бас

жағында өтті. Токмақтың маңында болған күштері тең смес шайқаста Кенесары 32 қазақ сұлтандарымен бірге қаза тапты. Ханның жеңілісі мен өлімі орыс отрядтарының Іле сыртындағы өлке мен Солтүстік Қырғыз жеріне қарай жылжуына қолайлы жағдай туғызды, сөйтіп бұл территорияларды Ресей империясына қосып алуды жеңілдетті.

Кенесары Қасымұлының көтерілісінде қарама-қайшылықтар аз емес. Олар: бір жағанан- Қоқанд хандығымен соғыс (қазақтарды азат ету мақсатын кездеді) және-екінші жағынан-қырғыздармен туысын өлтірушілік соғыс, өзіне қолдау көрсетуден бас тартқан қазақ РУларына деген өшпенділік.

Қазақ халқының феодалдық хан мемлекеттілік қалпына келтіру мақсатындағы XIX ғ. аса ірі халық-азаттық көтерілісі бұл жолы да жеңіліспен аяқталды, ол Орта Азия мен Қазақстан халықтарының есінде өшпес із қалдырды. Кенесарының күресі, оның халық мүддесіне шын берілгендігі, қолбасшылық өнері, нәзік саясатшы ретіндегі сирек кездесетін қасиеті XIX ғ-дың өзінде-ақ халық арасында қадірлеушілік тапты.

Қай халықтың болса да ең маңызды ескерткіші – оның тарихы. Сол тарихымызды әлі күнге дұрыстап тани алмай, біресе олай, біресе былай ауытқып келіп еді, енді ғана ақ-қарамызды айырып, ақ таңдақ қалған жерлерін анықтай бастадық. Сол ақ таңдақтардың ең бір үлкені – халқымыздың ұлт азаттығы жолындағы күресі. Осы бағыттағы, орыс патшалығына бағынғаннан бергі жердегі Сырым, Исатай-Махамбет, Жанқожа, Есет, Кенесары, Жоламан қозғалыстары, Иса, Досан, Сақыр бастаған адай көтерілісі, қазақтың жері үшін, тендігі үшін бар өмірін сарп еткен, ел санасын оятқан Әлихан, Ахмет, Мыржақыптардың күресі әлі күнге дейін толық зерттелген жоқ. Әріден басталып, аяғы он алтыншы жылға дейін тізбектеліп келетін, одан кешегі Желтоқсанға жалғасатын осы уақиғаларды бір ізге салып, дұрыс бағасын бере алмай келеміз. Соңғы уақытқа дейін патшалы Ресейдің әскери-отарлау экспансиясына қарсы қазақтардың 1837-47 ж.ж. көтерілісін ұйымдастырушы көрнекті Кенесары Қасымұлының қызметі бір жақты жазылып, тарихи қиянат жасалынып келді. Қазіргі қоғамдық пікір өзгеріп келеді. Осыған байланысты тарихи құжаттарға сүйене отырып, Ж.Қасымбаев «Кенесары хан саясатшы және қолбасшы» атты кітабында көтерілістің шығу себебі мен сипатына, оның қозғаушы күшіне, империяның отарлық саясатына қарсы қазақтарды көтеріліске ұйымдастырудағы Кенесарының қызметіне жаңа көзқарас тұрғысынан тоқталған. Көтеріліс Абылайханның түсіндегі тәуелсіз қазақ мемлекетінің қалпына келтіру мақсатында жүргізілген ұлт-азаттық көтеріліс ретінде сипатталады.

**5. Жанқожа Нұрмұхаммедов бастаған көтеріліс:** XIX ғасырдың 30-50 жылдары патшалық Ресейдің отарлау саясатын тереңдете түскен кезеңі еді. Осы кезеңде әсіресе Сырдария жағалауларындағы аймақтарды мекендеген қазақтардың жағдайы мейлінше ауыр болды.

Қоқан ханы Омар 1822-жылы өліп, орнына Маймәділ (1822—1842-жылдар) хан болды. Осы кезде Қоқан хандығының шапқыншылық әрекетіне жұмсалатын қаржы барынша жоғарлаған еді. Қоқан үстем таптары осыған орай қазақтар төлейтін алым-салық санын және өтейтін борыш түрлерін белгіледі. Терентиевтың айтуынша: «алым-салықтың көптігіне адам сенгісіз, әрбір түтінге жылына 6 бас мал, 24 қап көмір, 4 егіз сексеуіл, мың бау қамыс тапсыруды міндеттеген. Ал кедей дихандар жылдық астық өнімінің үштен бірін тапсыруға міндетті болған. Қіргіз-қазақтар мұнан тыс мынадай борыштарды да қосып өтеген.

1) Қоқандықтар үшін еңбек ету, жер айдап, астық егу, көктен салып, бау-бақшаларын баптау, қорған-сепілдерінің кем-кетігін бітеу қатарлы жұмыстар істеуге міндетті болған және әрбір түтін ай сайын бір адамын өз-нормасымен барып, бір жұма еңбек істеу, ал шалғайдағы қырғыз-қазақтар жалданба еңбек құнын малға өлшеп төлеп отыру белгіленген.

2) Бір жылда қорғандағы ат қора, қой қора қатарларды алты рет сыпырып, тазалап беру. Бұл сынды машақатты еңбекті оларға кезекпен апарып істетеді.

3) Әскери әрекет бола қалған жағдайда «іске жарайтын қырғыздардың барлығы

шығымын өздері төлеп, олар үшін сол әскери қимыл аяқталғанға дейін атты әскер болуға міндетті болған. Шерали Фарғанаға көптеген қырғыз, қыпшақ және қазақ әскерлерін бастап барып, Бұхар қорғаныс.

4) әскерімен соғысты»,—деген де дерек жоғарыда айтылған Қоқан хандығының қазақтарға міндеттеген борыштарының іс жүзінде қаралуы болса керек.

1856 жылы көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында тікілі соғыс қимылдары басталды. Осы жылдың аяғына қарай көтеріліс бүкіл Қазалы өңірін қамтыды. Бұл кезде қарулы көтерілісшілердің саны 1500-ге жетті. Ж.Нұрмұхамедовтың жасағы Қазалы фортын қоршап, қоныс аударғандар тұрған Солдатская слобода поселкесін жойды. Көтерілісшілерге қарсы Михайловтың отряды қимыл жасай бастады. 1856 жылдың аяғында Перовскийдің қысым жасауымен Ақмешіттен генерел майор Фитинговтың 265 солдат, екі зеңбірек, бір ракеталық қондырғымен қаруланған отряды Ж.Нұрмұхамедовке қарсы аттандырылды.

1857 жылдың 9 қаңтарында көтерілісшілер мен Фитинговтың жазалаушы отряды арасында шешуші шайқас болып өтті. Шайқас нәтижесінде қарулардың тең болмауы себебінен көтерілісшілер жеңіліп, Жанқожа 20 шақты ауылмен бірге Хиуа шебіне өтті кетті.

XIX ғасырдың 30-жылдары қазақ сахарасына отарлық үстемдік жүргізіп отырған патшалық Ресей мен Қоқан феодалдары қазақ халқына алым-салық пен басқадай борышты тіпті де ауырлата түсті. «Патша үкіметі кіші жүз қазақтарынан алынатын алым-салықты көбейту үшін 1837-жылы бір күркешеден бір жарым сом бажы алуды белгіледі. Сондай-ақ, бұрынғы қазақ билеушілері арқылы алым-салық жинау сынды әдісті де күшінен қалдырды». Ал Қоқан үстем таптары ұлы жүз қазақтарын өзіне толық бағындырып, олардан көптеп бажы жинап алу үшін Қаратал районуна дейін әскер аттандырды. Сондай-ақ, Чиң пашалығының шекара қорғаушы Жианжүніне кісі жіберіп, Қарауыл маңындағы қазақтарды қуып жіберуді талап етті және оларға: «қазақтарға жиырма мың қол жіберіп, алым-салық жинайтындығын айтты».

1864-жылы патшалық Россияның шапқыншы әскерлерінің генералы Чернаев Верныйден жорық тартып, маусымда Әулие Атаны (қазіргі Жамбыл) алды. Верекин Ақмешіттен шеру тартып, маусымның орта шенінде Түркістан қаласын алды. Содан кейін екі бағыт әскер бірігіп, Чернаев басшылығында сол жылы қыркүйектің аяғында Шымкентке шабуыл жасап, қаланы алды. Сонымен патшалық Россия бүкіл қазақ даласын тізгіндеді.

1865-жылы патшалық Ресей әскерлері Ташкентті сұрапыл шабуыл жасау арқылы алды. Осы жылы Түркістан өлкесін құрды. Бұл өлке Орынбор губернаторына қарасты болды. Патшалық Ресей 1868-жылы Қоқанмен бейбіт келісім жасап, Бұхарға шабуыл жасауға өтті.

Патшалық Ресейдің әскерлері Скоберовтың қолбасшылығында шұғыл соғысқа жұмылып, Ферғана ойпатына барып, Наманган, Анджан, Қоқан және Марғұлан қалаларын бірінен соң бірін басып алып, Қоқан хандығы елін бағындырды. 1876-жылы Қоқанды Түркістанға қосып, Түркістан өлкесіне қарасты етті. Сонымен Қоқан хандығы билігі жойылды.

XIX ғасырдың 20-жылдары қазақтардың патшалық Ресейдің отарлық үстемдігіне қарсы көтерілістері арт-артынан туылып отырды. Соның ішінде Кенесары Қасымұлы басшылығындағы қозғалыс әлемге әйгілі зор көтеріліс болды. Бабуковтың сөзімен айтқанда: «Сұлтан Кенесары Қасымов атақты қырғыздардың сұлтаны Абылайдың немересі еді. Ол орта жүзде хандықты қалпына келтірмек болды. Ол осы мақсатын іске асыру үшін, Ресей сондай-ақ Ресейдің қырғыз сахарасында құрған басқару органдарымен ашықтан-ашық жауласты. Ақыры патшалық Ресейдің экспансияшыл қалың қолы 1846-жылы Қаратал өзеніне басып кіріп, Кенесары басшылығындағы қазақ шаруаларының қарулы көтерілісін бастырды. Осылвйша олар Қаратал районуын иеленді.

Қоқан хандығы ұлы жүз қазақтары мен орта жүздің бір бөлім ру-тайпаларына шамамен жарым ғасыр үстемдік етті. Олардың үстемдігі қазақ қоғамдық түзіміне өзгеріс жасай алмады. Олар қазақтарға болған үстемдігін алым-салық жинау мен жалақысыз еңбек істету, әскерге ұстау әдістерімен жүзеге асырып отырды. Қоқан феодалдарының қазақтарға жарым ғасырлық ұлттық езгісі мен қанауы қазақ сахарасында зор аласапырандық жағдай келтіріп шығарды. Қазақ ұлтының қоғамдық дамуына кедергілік жасады

Осы кезде патша үкіметі 1853 ж. В. Перовский басқаруымен Ақмешітті басып алу арқылы кеңеюге ұмтылса, екінші жақтан Хиуа хандығының агрессивтік саясаты Сырдария қазақтарының Ж.Нұрмұхамедов бастаған көтеріліске шығуының негізгі себебі болды. Шекті руының басшысы Жанқожа жергілікті қазақтардың Орта Азия хандықтарының қанауына қарсы басшысы ретінде аты шықты. Ақмешітті басып алғанан кейін Сырдария әскери желісі құрылды. Ол желіге қазақтардың көлемді жерлер қазақтар мен келушілерді қоныстандыру үшін бөлініп берілді. 1849 жылы Райым бекінісіне Орынбор қазақтарының алғашқы 26 жанұясы қоныстандырылды.

1857 жылға дейін 3000 қазақ жанұялары өздерінің бұрынғы тұрған құнарлы жерлерінен енді жырттып егін салуға жарамайтын және егінді суару үшін ағын суы болмайтын жерлерге қуылып, қоныстарын аударуға мәжбүр етілді. Бұрын қазақтар тұрған жерлерге қоныстанған ауғандар үлкен артықшылықтармен пайдаланды, мұның өзі қазақ халқын аяусыз қанауға әкеп соқты.

Бұл жылдар бойы жинақталып, XIX ғасырдың 50 жылдары ортасында кішкентай шекті руы егінші қазақтарының ашық күреске шығуына алып келді.

Хиуа хандығының қазақтар жөніндегі озбырлығы олардың аса ауыр салықтар жинауынан, тонаушылығынан және ойына келгендерін істейтіндігінен көрінді. 50 жылдардың басында батырдың әрекеттері Ресей әкімшілігінің де, Хиуа басқарушыларының да назарында болды. 1843ж өзінде- ақ Жанқожа Қуандариядағы Хиуа бекінісін талқандады, және де 1845 ж. көктемінде сол бекіністі қалпына келтіруге жіберілген хиуалықтардың 2000 адамдық жасағын күл-талқан етіп жеңді. Хиуалықтарға қарсы күресте Жанқожа өзіндік стратегия қолданды: бекіністерге шабуылдап, оларды қиратып отырды. Осылай оның сарбаздары Жаңа қала бекінісін де басып алып, қиратып тастады. 1847 және 1848 жж. ол Райым бекінісі маңында хиуалықтарды тойтаруда орыс әскерлеріне талай рет көмектесті. Жанқожа Кеңесарымен бірігіп Созақ бекінісін талқандады. Патша өкіметі Жанқожаны өзіне тарту үшін 1845 жылы оған 200 сом ақша және шекпен тіктіріп, киюіне мауыт мата жіберілді, ал 1848 жылы жасауыл шенін де берді. Бірақ Жанқожа ант етуден бас тартты.

1856 ж. патша әскерлері мен көтерілісшілер арасындағы тікелей соғыс қимылдары басталады. Бұрын Жанқожа орыс әскерін басқарып хиуалықтарға қарсы шықса енді орыстардың отарлауына қарсы өзінің 1500 сарбазымен ашық күреске шықты. Осы жылдың аяғында Қазалы өңірін көріліс жалыны шарпыды. Көтерілісшілер Қазалы фортын қоршауға алды. Көтерілісшілерге қарсы қазақтардың жүздігі, жаяу әскердің 50 адамы, бір зеңбірегі бар Михайловтың әскері қимыл жасай бастады. Майор Булатов бастаған отряд көтерілісшілер қосынын атқылап тастады. 1856 жылы 19-23 желтоқсан аралығында болды. Алайда жылдың аяғында мықты қаруланған (265 солдат, 2 зеңбірек, 1 ракеталық қондырғысы бар) Фитингов басқарған отряд келіп қосылды. Олар көтерілісшілерді талқандады, Жанқожа және 20 шақты ауыл тұрғындары Хиуаға көшіп кетуге мәжбүр болды. Оның мақсаты Хиуа ханы немесе Бұхара ханымен одақтасып патша үкіметіне қарсы шығу еді. Бірақ Жанқожаның бұл ойы іске аспайды.

Көтерілісшілердің жеңіліске ұшырауына олардың нашар қарулануы және ескі әскери тактикасы, бір жердің шеңберінен аспауы, ерте ортағасырлық тәртіптерге сүйену себепші болды.

Жазалаушы отрядтар бейбіт ауылдарды тонап, 21400 ірі қара малдарын айдап үйлерін өртеп кетті. Ал, Жанқожа туралы деректер бойынша ол көтерілісті тоқтатып, тек бидің міндетін атқарды, кейіннен оның өзінің қарсыластары өлтірді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Кіші жүз қазақтары арасында көшіп - қонатын жер және патша өкметінің реформаларына қарсылық күшейе түсті. Нәтижесінде Торғай мен Орал облыстарының қазақтары стихиялы көтеріліске шығып, ол 1868 жылы желтоқсаннан 1869 жылы қазан айына дейін созылды. 1869 жылдың наурызынан маусым айына дейін билердің, сұлтандардың, болыс басқарушыларының старшындардың ауылдарына 41 рет шабуыл ұйымдастырылды. Оған 3 мың адам қатынасты. 1869 жылдың наурызынан бастап 1870 жылдың орта кезіне дейін Маңғыстау жарты аралындағы көтеріліс болып өтті. Оның басында Бозашы шаруалары Досан Тәжиев, Иса Тіленбаев тұрды. Көтеріліс бүкіл жарты аралға жайылды. 1869 жылдың күзінде көтеріліске қатынасқандардың саны 10 мың адамға жетті. 1870 жылы 5 сәуірде көтерілісшілер Александровск фортына, Николаевск станицасына шабуыл жасады. Форт маңындағы маяктарды өртеді. Патша әскерлері Маңғыстаудағы көтерілісті тек зенбіректің, қару - жарактың күшімен басты.

**6. 1916 жылғы Орта Азия ұлт-азаттық көтерілісі, оның себептері, қозғаушы күштері, басталуы, барысы және негізгі кезеңдері.** Ресей империясы қатысқан 1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік соғыс оның халқына көптеген ауыртпалықтар әкелді. Әлеуметтік және ұлттық езгі күшейді, империяның щет аймақтарында патшалық шенеуніктердің озбырлығы мен жәбірленушіліктері әлдеқайда көбейді. Бүкіл Қазақстанды қамтыған бұл қозғалыс Ресейдің отаршылдығына қарсы қазақ халқының соңғы ірі шайқасы еді. Бұл қозғалыс ұлт-азаттық сипатта болды. Қозғалыстың негізгі себебі Ресейдің отаршылдық әрекетінің тереңдей түсуі еді. Патша үкіметті қазақтарды ата бабасынан бері мекендеп келе жатқан жерінен қуып, оған орыс шаруаларын қоныстандырды, қазақтар шөл, шөлейт өлкелерге қуылды. Сөйтіп жер мәселесі шиеленісті, бұл 1916 жылғы қозғалыстың негізгі себебі еді. Қозғалыстың 1916 ж күзде бұрық етуіне патшаның Маусым жарлығы себепші болды. Бұл жарлық бойынша үкімет қазақ және басқадай бұратана халықтардан соғысып жатқан /бірінші дүние жүзілік соғыста/ орыс армиясының жағдайын жеңілдету үшін тылдағы қара жұмысқа /окоп қазу, жүк тасу т.б./. 19-43 жастағы азаматтарды алмақ болды. Бұл бір жағынан Ресейдің азаматтарымен бірдей қолына қару беріп майданға жібермегені бұратана халықтардың намысына тиді. Ресейдің отаршылдығына қарсы көп жыл күрескен қазақтардың қолына қару беруге патша үкіметі қорықты. Екінші жағынан жастар тылдағы жұмысқа барғысы келмеді. Болыстарда тылдағы жұмысқа баратындардың тізімін жасағанда әділетсіздік орын алды, ауқатты адамдарының балалары пара беру арқылы тізімге ілікпеді, тізімге көпшілігінде қарапайым қазақ ілінді.

Көтеріліс Жетісу, Сырдария, Маңғыстау, Торғай, Ақмола, Семей облыстарын қамтыды. Көтерілісті қазақтың интеллигенция өкілдері басқарды. Жетісуда көтеріліске Тоқаш Бокин, Бекболат Әшкеев, Сыр бойында Тұрар Рысқұлов, Торғайда Амангелді Иманов, Әліби Жангельдин, Семейде Сәкен Сейфуллин т.б. басқарған.

Қазақстанда, әсіресе Сырдарияның солтүстік-шығыс аудандарында, Жетісудің оңтүстігінде және тағы басқа облыстарда қазақтардан жерлердің жаппай тартып алуы жалғасты. Тек бір Жетісу облысында ғана соғыстың алғашқы үш жылы ішінде ең жақсы мал жайылымдары мен егін салатын жерлердің 1800 дес. тартып алынды, ал осы жерлердің иелері – қазақтар шаруашылықты жүргізу үшін аз немесе мүлдем жарамсыз шөл және шөлейт аудандарына күшпен көшірілді. Қазақтардан тартып алынған жерлер патша офицерлері, шенеуніктер, дін басылар, казак әскерлері және Ресей мен Украинадан қоныс аударушы шаруаларға берілді.

1916 ж. ортасына қарай қазақ халқынан тартып алынған жерлердің жалпы аумағы 45 млн.дес. құрады. Соғыс шикізат, азық-түлік, мал және тағы басқа материалдық құндылықтардың үлкен санын жұтты. Осыған байланысты қазақ халқына жаңа ауыртпалықтар түсті: еттің міндетті жеткізілуі, малдың жаппай мемлекеттің меншігіне алынуы, күймелі арбаға жаңа әскери салық енгізілді, земстволық алымдар мен бай болыстық алымдар – болыстық билеушілерді асырау үшін жиындар үлкейді, сонымен

қатар жол және басқа жиындар үлкейді. Соғыс басталғаннан кейін жергілікті тұрғындарға қатысты салықтар 3-4-ке, ал бөлек жағдайда – 15-ке өсті.

1916 ж. таптық және ұлттық езгінің, соғысқа қарсы өшпенділіктің өсуі жаппай бола бастады. Қазақстан және Орта Азияның барлық аймақтарын қамтыған 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалысы соғыстың жарық көріністерінің бірі болып, елдегі жалпы ұлттық дағдарыстың жетілу процестерін тездетті.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттың факторлары, яғни отарлық езгінің күшеюі, жерлердің тартып алынуы, салықтар мен алым-салықтардың өсуі, еңбек етушілерді қанау, аймақтағы қазақ және басқа ежелгі халықтарға қатысты патша өткізген орыстандыру саясаты, соғысқа байланысты көптеген халықтар жағдайының нашарлауы қозғалыстың маңызды себептері болды.

Қазақстан, Орта Азия және жартылай Сібірдің 19-43 аралығындағы «жат» ер адамдарын тыл жұмыстарына әскерге әкету туралы **1916 ж. 25 маусымдағы патша жарлығы** қозғалыстың басты себебі болды, сол адамдарды әрекеттегі әскердің ауданында қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынас жолдарын салу бойынша жұмыстарға тартуға жоспарланды.

Қазақстан және Орта Азия елдерінен 400 мың адам алынды, соның ішінде Қазақстанның облыстық далаларынан – 100 мың аса адам, Жетісудан – 87 мың адам алынды.

Шілденің басында Қазақстанның барлық аймақтарында апатты қозғалыстар басталды, көп кешікпей қаруланған қозғалысқа айналды. Болыс билеушілері, ауыл старшындары және тың жұмыстарында тізімді құрайтын патша әкімшілігінің төменгі агенттері халық ашуының бірінші соққысын өзіне алды. Қазақтарда туу туралы куәліктің жоқтығын пайдалана отырып, олар кедейлердің жас ерекшеліктерін ескермей, тізімге өз еркімен қосты, ал бай балаларын пара үшін әскерге шақырудан босатты. Тәжірибеде тізімдерді құру жүйесі жаппай паракорлық пен қиянат етушілікті тудырды.

Сонымен қатар патша өкіметі лауазымды тұлғалар, болыстар, ауыл билеушілері, бұрынғы тұрғындардың төменгі полиция қызметкерлері, имамдар, молла мен мударистер, шағын несие мекемелерінің есеп жүргізуші мен есепшілер, жоғары және орта оқу орындарында оқитындар, үкімет кәсіпорындарының шенеуніктері мен тұлғалары, ақсүйектер мен құрметті азаматтар құқықтарын пайдаланатындарды жинақтарда босатты.

Патшаның қатал қаулысы және орындарда оны атқарудың әділсіз әдістерімен жұмыс істегендер, қолына не түссе сонымен қаруланғандар патша өкіметінің өкілдері – болыс билеушілері, ауыл старшындары, полицейлер, казактар, шенеуніктерге: «Адамдарды бермейміз!» - деп шабуыл жасады. Олар тың жұмыстарынан босатылатынына сеніп, болыс билеушілері мен ауыл старшындардың кеңселерін, үйлерін өрттеді, іс қағаздарын, әскерге шақырылғандардың тізімін жойды.

Бірте-бірте апаттық қозғалыс ұйымдық сипатқа ие болды: А. Иманов, А. Жангельдин, Т. Бокин, Б. Әшекеев, У. Саурықов, Ж. Мамбетов және т.б. танылған басшылардың жетекшілігімен Торғай және Жетісуда ірі ошақтар пайда болды.

Көтеріліс бүкіл Қазақстанды жаулап алды және патшаның әскери-отарлық және кең ауқымды орыстандыру саясатына, сонымен қатар ауылдың бай-феодалдық басшыларына қарсы ұлт-азаттық қозғалысқа айналды. Сонымен бірге қозғалыс халық шаруашылығының дағдарысына және халықтың кедейлігіне әкелген империалистік соғысқа қарсы бағытталған. Осында ол Ресейдегі жұмыс тобы мен шаруалардың төңкерістік күресімен қабысты. Қазақ халқының бостандық және тәуелсіздік үшін барлық алдыңғы күресін қорытындылаушы ұлттық және саяси азаттығы 1916 ж. көтерілістің маңызды мақсаты болып табылады.

Ұлттық шаруаның кең қабаттары, сонымен қатар өсетін жұмыс тобының өкілдері, қолөнершілер көтерілістің негізгі жылжымалы күші болды. Оған қазақ халқының басқа қабаттарының өкілдері қатысты, олар: билер, сонымен қатар демократиялық зиялылар.

Қазақстандағы 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс оңтүстік облыстарды санамағанда (Жетісу және Сырдария облыстары), көп ұлтты болды, сол көтерілісте қазақтармен бірге ұйғырлар, өзбектер, қырғыздар, дүнгендер және басқа халқының кейбір өкілдері қатысты.

Қазақ қоғамында патша жарлығына деген қатынасы бір мағыналы емес болды: бай-феодалдық басшыларының белгілі бөлігі, сонымен қатар жергілікті әкімшіліктің шенеуніктері патша өкіметін сөзсіз қолдап, патша өмірінің басты жолаушылары болды; қазақ зиялылардың негізгі өкілдері (Бокин, Ниязбеков, Жүнісов) оған қарсы шықты және халықты қарулы тойтарысқа шақырды, ал «Қазақ» газетінің біріктіруші либералды-демократиялық зиялылардың басшылары (А.Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов) жасқаншақ позицияда болды. Олар бірнеше рет патша әкімшілігін дайындық іс-шараларды өткізу жұмылдырығымен асықпауға көндіру тырысты, сонымен қатар қарусыз халық патшалық репрессияның құрбаны болатынын біліп, жарлықты орындауда қарсылық білдірмеуге шақырды.

Жетісу және Торғай облыстары көтерілістің ірі орталықтары ретінде болды. Семей облысында қарулы тойтарыс жайппай сипатқа шілде-тамыз айында ие болды. Барлық жерде найзалар, аң аулайтын мылтық, суық қарумен қаруланған көтеріліс жасақтар ұйымдастырылды. 17 шілдеде Жетісу мен Торғай өңірлерінде соғыс жағдайы жарияланды.

Патша өкіметтері осында ірі әскери күштерді әкелді, әскери гарнизондарды нығайтты, қазақ және қырғыз көтерілісшілеріне зәбір көрсету үшін Жетісудағы қоныс аударушы тұрғындарынан қарулы жасақтарды құрды. көтерілісшілердің патша жазалаушыларымен ірі қақтығысы Асы шатқалы, Қарқара тау алқаптары, Самсы ст. ауданы, Қастек, Нарынкөл, Шарын, Құрама аудандары, Лепсі ауданының Садыр-Матай болысында және тағы басқа жерлерде болды. Қыркүйек-қазан айының басында жан-жақтан жазалаушылар жасақтарымен ығыстырылған жетісулік көтерілісшілердің маңызды бөлігі өлім таяғын соққан ұрыспен шегініп, Батыс Қытайға кетуге мәжбүр болды.

Жетісуда көтерілісшілердің қозғалысы қаталдылықпен басылса, Торғай даласында ол күннен күнге күшейіп, өсіп отырды. Басында А. Иманов пен Ә.Жангельдин тұрған көтеріліс табан тірескен және ең ұзақ болды. Мұрағат құжаттары бойынша көтеріліс басында көтерілісшілер жасақтарының саны 50 000 адамды құрады. А. Иманов оң мың ұйымдастырылмаған көтерілісшілерден он, елу, жүз және мыңдыққа бөлінген тәртіпті әскери жасақты құрды. Әрбір бөлімшенің басына онбасы, елубасы, жүзбасы, мыңбасылар қойылды. Мергендердің арнайы бөлімшесі (мергендер жасағы) құрылды. Әскери кеңес А. Имановты сардарбек – көтерілісшілердің бас қолбасшы етіп сайлады.

А. Имановтың көтерілісші әскери бақылап отырған аудандарда төменгі ауыл-болыс әкімшілігі шеттетілді, азамат билігі көтерілісшілер қолына ауысты.

А. Иманов ол басқарған кеңес тың қызметін ұйымдастырды, көтерілісшілерге азық-түлік, жылқы, ұстаханаларда қолдан жасалған қылыш, қанжар мен найза және тағы басқалармен қамтамасыз етуді арнайы тағайындалған тұлғаларға жүктеді.

22 қазанда А. Иманов басқарған 15 мың көтерілісші Торғай қ. қоршап алды. Қаланы қоршап алуы бірнеше күнге жалғасты. Ал ол уақытта қалаға үш жақтан генерал-лейтенант А. Лавретеневтің жалазаушы тобы бет алды. Көтерілісшілер пата жалазаушыларының жылжып келе жатқаны туралы мәліметті алғаннан кейін, Торғай қамаудан босатып, патша әскерінің жасақтарына қарсы шықты.

16 қарашада А. Иманов басқарған 12 мыңдай сарбаз Топкойм пошта станциясының маңында подполковник Катоминнің жазалаушы жасағына шабуыл жасады. Көтерілісшілердің негізгі салмағы жанды күшті сақтау үшін қарашаның екінші жартысында Торғайдан 150 шақырымдай алшақтап, Батпаққары ауданында шоғырланды. Осы жерден 1916 ж. қараша айының екінші жартысынан 1917 ж. ақпан айының ортасына дейін жазалаушыларға қарсы партизандық жорықтар жасалды.

Көтерілісшілер мен жазалаушылар арасындағы қақтығыстар Татырғ Ақшығанақ, Дұғал-Өрпек, Күйікте өтті. А. Иманов штабы орналасқан Батпаққары ауданындағы күрестер шиеленіскен болды. Олар 1917 ж. ақпан айының екінші жартысында өрістей

бастады. Осы күрестер А. Иманов көтерілісшілері Ақпан буржуазия-демократиялық көтеріліске тап болды.

Қазақстанда көтеріліске шыққан басқа аймақтарда да патша жазалаушы жасақтарымен қатал күресті жүргізуге тура келді.

Семей және Ақмола облыстарында көтерілісшілерге қарсы 12 кавалериялық жүздіктер, 11 күшейтілген жаяу әскер шықты, ал торғай көтерілісшілеріне қарсы патша өкіметі 17 атқыш ротасы, 18 қазақ жүздіктері, 4 кавалериялық эскадрон, 18 қару, 10 пулет және тағы басқаларын жіберді. Алайда жазалаушылар көтерілісті Ақпан төңкерісіне дейін баса алмады.

Тек патша өкімет құлағаннан кейін Торғай облысындағы көтерілістер тоқтатылды.

Көтерілісті басу үшін Жетісуға 8750 найзашылары бар 95 ротаны, 3900 қылышты 24 жүздікті, 16 зеңбірекші мен 47 пудеметшіні жіберілді. Жетісуда ондаған қазақ және қырғыз ауылдары жойылды, бейбітшіл халық мейірімсіз қудалауға ұшырады. Патша өкіметімен қудаланған 300 мың қазақ пен қырғыздар немесе Жетісудағы байырғы тұрғындардың төрттен бір бөлігі Қытайға қашуға мәжбүр болды.

Сот және тергеусіз атылғандар, қоныс аударушы ауыл тұрғындарынан құрылған жазалаушы мен жасақтардың қолынан қазақ тапқандарды есептегенде, 1917 ж. 1 ақпанда Түркістан өңірінде генерал-губернатор Куропаткин бекіткен сот шешімі бойынша өлім жазасына 347, азапты жұмыстарға – 168, абақты қамауға – 129 адам кесілді.

1916 ж. көтеріліс қазақ халқының көп ғасырлық ұлт-азаттық тарихында ерекше орынды алады. Империализм және бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайларында Амангелді Иманов және көтерілістің басқа жетекшілері өз уақытында Сырым Датұлы, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісұлы, Кенесары, Наурызбай Қасымов бастаған тәуелсіздік үшін күреске халықты шақырды.

Тұңғыш рет ұлт-азаттық көтерілістен кейін Кенесары Қасымов жетекшілігімен 1916 ж. көтеріліс кең аймақтың барлық өңірлерін жаулап алып, бүкіл қазақтық сипатқа ие болды. Көтеріліс антиотарлық және антиимпериалистік бағытқа ие болды, топтық кезең (ауылдың феодалдық басшылығына қарсы күресі) халықтың ұлттық және саяси азаттық көтерілісінің маңызды міндетімен салыстырғанда екінші кезекте болды.

**Оқытудың техникалық құралдар** слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық  
**Лекцияның оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

**Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі**

**Күрделі деңгей:**

Отандық және әлемдік тарихи әдебиеттегі 1916 жылғы көтерілістіке берілген бағаны тұжырымдаңыз

**Орта деңгей:**

1916 ж. қозғалысқа қатысушыларға үкіметтің репрессиялық шаралары және жазалаушы әскерлердің әскери әрекеттерін көрсетіңіз

**Жеңіл деңгей:**

1870 ж. Маңғыстауқазақтары көтерілістерінің себептері, сипаты мен барысы туралы баяндаңыз

**БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері**

1.Қаратай мен Арынғазы сұлтандардың қозғалысы (1816-1821 ж.).

2.Старшын Жоламан Тіленшіұлының (1822-1824 ж.) наразылық қозғалысы..

3.Тарихи әдебиеттегі Кенесарыхан

4.Сұлтандар Қасым Абылайханұлы, Саржан Қасымұлы бастаған Сібір ведомствосы қазақтары жеріндегі қозғалыс.

**Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:**

**Негізгі:**



1. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық / жалпы ред. басқ: Т. Омарбеков, Т. Омарбеков, Г.С. Султанғалиева, Б.С. Сайлан және т.б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 476 с.
2. Бегалиева А.К. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2017. -380 б.
3. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: Дәрістер курсы. Алматы, 2018. Б.Б.Кәрібаев. -324 б.
4. Аяған Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (1991-2014): / Б. Аяған. - Алматы : Атамұра, 2014. - 336 б.
5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 1-кітап. Қазақстан аумағы б.з.б. мыңжылдықтан бастап ХІІІ ғ. басына дейін. – Алматы, Қазақ университеті, 2016
6. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 2-кітап. ХІІІ-ХVІІІ ғ.ғ.– Алматы, Қазақ университеті, 2016
7. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық / ҚР Білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ құраст: Т.О.Омарбеков, Қ.С.Қаражан, М. Ж. Ташенев және т. б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. 3-кітап: Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. – 453 б.
8. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. – 4 кітаптан тұратын оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4 кітап/ Т.Омарбеков, Б.С.Сайлан, А.Ш.Алтаев және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016
9. Долгополов А. История Казахстана. Учебное пособие. Москва: Литерра, 2016. -344 с.
10. Хабижанова Г. Древняя история Казахстана. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -158 с.
11. Жолдасбаев С. Древняя и средневековая история казахского народа. Учебное пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -530 с.
12. Қуандық Е. ХІV- ХХ ғасыр аралығындағы Қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар курсы. Алматы: Дәуір. 2015. -600 б.
13. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие /Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: Zhasyl Orda, 2015. – 328 стр.
14. Сандыбаева А. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Оқу құрал. Түркістан, Тұран, 2018. -128 б.

#### **Қосымша:**

1. Қазақстан Республикасының тарихы: хрестоматия. Құраст. Қ.С.Қаражан, Ф.А. Қозыбақова, С.Смағұлов. т.б. Алматы: Қазақ университеті. 2018. -413б.
2. Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2018. -562 с.
3. Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2021. -584 с.
4. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. Практикум. Т.Омарбеков, Б.Кәрібаев, Қ. Қаражан және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. -334 б.
5. Культурные процессы в Казахстане в 20-30 е годы ХХ века. –Алматы, Қазақ университеті, 2019. -188 с.
6. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.
7. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [монография] / К. Шваб; ауд.: Н. Б. Ақыш, Л. Ә. Бимендиева, К. І. Матыжанов, 2018. - 198 б.
8. История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012). Сост. Алимгазинов К.Ш., Жылгелдинов М.Т. Астана, 2017
9. Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы): монография / Б. Ғ. Аяған; ҚР білім және ғылым м-гі, Мем. тарихы ин-ты. - Алматы: Литера-М, 2015. – 591 б.
10. Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.

11. Сайлан, Б. С. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар [Текст]: оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2016. - 120 б.
12. Мекебаев, Т. Қ. Құмғанбаев Ж. Ж. 1917 жылғы Ресейдегі ақпан төңкерісі және оның Қазақстанға әсері: оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2017. - 140 б
13. Макашева К.Н., Губайдуллина М.Ш. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Алматы : Қазақ университеті, 2018. -446 б.
14. Жораева Г. Алаш қозғалысының тарихы. Оқу құралы. Түркістан, ХҚТУ, 2018. -130 б.

**WEB сайттар тізімі**

1. e-history.kz
2. tarikh.kz